

Колледж директорының
2021жылғы 1 маусым
№ 32нк бұйрығына сәйкес

ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ
КМҚК Атырау сервис колледжі
2021-2022 оқу жылына оқуға қабылдау қағидалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2018 жылғы «18» қазан № 578
бұйрығымен бекітілген «Техникалық және
кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын
іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға
қабылдаудың Үлгі қағидаларына»
сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің
2021жылғы 26 наурыздағы №124 бұйрығын
басшылыққа ала отырып құрастырылған

1. Жалпы ережелер

1. Осы техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын КМҚК Атырау сервис колледжі оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы», Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 13 қарашадағы №746 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 18 қазандағы 2018 жылғы №578 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30 қазандағы 2018 жылғы №595 бұйрығы «Тиісті типтегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгі ережесін бекіту туралы», бағдарламалары бойынша оқуға қабылдаудың тәртібін белгілейді.

2. Колледжге негізгі орта , жалпы орта, техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік

азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады 2021-2022 оқу жылына біліктілігі белгіленген мамандық атауы мен оқу мерзімі осы қағиданың 1 қосымшасында көрсетілген .

2021-2022 оқу жылына бюджет бөліміне (студенттерге мемлекеттік стипендия төлеу арқылы тегін оқу)қабылдау жоспары осы қағиданың 2 қосымшасында көрсетілген.

Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота қарастырылған.

Колледжге оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделген :

- 1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 1 пайыз;
- 2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – 0,5 пайыз;
- 3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 30 пайыз;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4 пайыз;
- 5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз.

II. Қабылдаудың тәртібі

Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және колледжге қабылдауды өткізу

1. Колледжге оқуға түсушілердің, азаматтардың өтініштерін қабылдау, ұйымдастыру, талапкерлерді колледжге қабылдауды өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылады және ол өз жұмысын **1 шілдеден** директор бұйрығымен кешіктірмей бастайды. Қабылдау комиссиясының құрамына комиссия төрағасы, жауапты хатшы және комиссия мүшелері кіреді.
2. Колледжге қабылдау комиссиясының өңірлерге барып азаматтарды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері облыстық Білім беру басқармасының келісімі бойынша шешіледі.

3. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып «Үкіметтік электрондық» Веб-портал: WWW.EGOV.KZ жүргізеді
4. Қабылдау ережелері сондай-ақ, нәтижелері туралы ақпарат оқуға түсушілерге 30 тамызға дейін ақпараттық стендіге немесе интернет ресурстары арқылы қабылдау комиссиясы оқуға түсушілердің назарына жеткізеді.
5. Атырау сервис колледжіне оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау 25 маусымнан 18 тамыз аралығында жүзеге асырылады.
6. Оқуға түсушілер колледж директорының атына оқуға қабылдау туралы өтінішіне қоса білім туралы құжаттың түпнұсқасы, №086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3*4 көлемдегі суретті береді.

Оқуға түсуші жеке басын куәландыратын құжатын өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) Шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;
- 2) Азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі
- 3) Босқын-босқынның куәлігі
- 4) Пана іздеуші тұлға-пана іздеуші тұлғаның куәлігі
- 5) Оралман-оралман куәлігі

Оқытудың нысандары бойынша оқуға түсушілердің өтініштері тіркеу журналдарына тіркеледі.

Атырау сервис колледж қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні не көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын және қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырады, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қолхат береді.

7. Колледжге оқуға түсу сараптамасы 18 тамыз бен 30 тамыз аралығында өткізіледі. Оқуға түсу сараптамасы өткізу кезінде :
 - 1) Сараптама кезінде мамандыққа сәйкес бейіндік пәндерді және төменде аталған деңгейлерді ескере отырып, мамандыққа бейімділігі анықталады.

Бейіндік пәндер:
«Тігінші», «Аспаз», «Наубайшы» , «Шаштараз», «Метрдотель»,
«Бақылаушы-кассир»- қазақ тілі (қазақ тобы), орыс тілі (орыс тобы),
химия

8. Бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және пәндер бойынша өткізілген сараптама кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Пәндер бойынша сараптама нәтижелерімен келіспеген азамат апелляциялық комиссияға шағым беруіне болады.

Апелляцияға өтініш түсу сараптама нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға бір тәулік ішінде беріледі және өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы.

Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен рәсімделеді.

9. Сараптама қайта өткізуге рұқсат етілмейді.

III. Білім алушылар құрамына қабылдау

1. Білім алуға азаматтарды қабылдау азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылардың құрамына қабылдау негізгі орта және жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, негізінде 18 тамыз бен 30 тамыз аралығында өткізіледі.

2. Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауда мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар құрамына қабылдауға :

1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған адамдардың;

2) Білім беру саласындағы уәкілетті орган тізбесін айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша білім халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған) орындаушыларының , Республикалық және халықаралық конкурстар мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздардың , сонждай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиадаларының конкурстық немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, ағымдағы жылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші

және үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған) жеңімпаздарының басым құқығы бар. **Мемлекеттік** тапсырыс бойынша білім алушылар құрамына қабылдауға арнаған конукрсты өткізгенде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда (растайтын құжаттары болған жағдайда) жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, I және II топтағы мүгедектер, медициналық-әлеуметтік сараптама тұжырымына сәйкес оқу орындарына оқуға қайшы келмейтін бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар және үздік білімі туралы құжаттары бар (куәліктер, аттесттатар, дипломдар) азаматтар басым құқыққа ие болады.

3. Колледжге студенттерді қабылдау мамандықтар, оқыту тілдері бойынша бөлек қабылдау комиссиясының ашық мәжілісінде жүргізіледі. Осы қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылымминистрінің 2018 жылғы «18» қазан № 578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгі қағидаларына» сәйкес жасалды.

Ереже педагогикалық кеңестің № 5 хаттамасы бойынша қаралып мақұлданған. «25» мамыр 2021 жыл.